

ОҚЫТУ ПЛАТФОРМАСЫ<https://education.supernovas.foundation/>**ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ**

Бекітілген күні	21.07.2026
Иесі және әкімшісі	«Football For Kids» қоғамдық қоры
БСН	260740029114

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Пайдалану шарттары (бұдан әрі - Шарттар) <https://education.supernovas.foundation/> мекенжайында орналасқан оқыту платформасына (бұдан әрі - Платформа) қол жеткізу және оны пайдалану қағидаларын айқындайды.

1.2. Оқыту курсы «Football For Kids» қоғамдық қорының әлеуметтік бастамасы ретінде (бұдан әрі - Қор; осы Шарттардың 1.6-тармағын қараңыз) «Қазақстан футбол федерациясы» қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігімен (бұдан әрі - ҚФФ) әріптестікте іске асырылады.

1.3. Платформа балалармен жұмыс істейтін немесе жұмыс істеуді жоспарлап жүрген қазіргі және болашақ футбол жаттықтырушыларына арналған интерактивті курсқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

1.4. Шарттар Пайдаланушылардың, Оқытушылардың және Платформаның иесі әрі әкімшісі болып табылатын Қордың құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Тіркелу, материалдарға қол жеткізу немесе Платформаны өзге де тәсілмен пайдалану осы Шарттарды толық әрі сөзсіз қабылдауды білдіреді. Шарттармен келіспейтін тұлға Платформаны пайдалануды тоқтатуға тиіс.

1.5. Қор осы Шарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Өзекті редакция бекітілген немесе соңғы жаңартылған күні көрсетіле отырып, Платформада жарияланады. Өзгерістер жарияланғаннан кейін Платформаны пайдалануды жалғастыру жаңартылған редакциямен келісуді білдіреді; келіспеген жағдайда Платформаны пайдалану тоқтатылуға тиіс.

1.6. Қор - БСН 260740029114, «Football For Kids» қоғамдық қоры, курстың ұйымдастырушысы, Платформаның иесі және әкімшісі болып табылатын коммерциялық емес ұйым. Қор өзіне тиесілі айрықша құқықтар көлемінде оқу материалдарының құқық иеленушісі болып табылады не мұндай материалдарды өзге де заңды негіздерде пайдаланады. Тіркелу, материалдарға қол жеткізу, курстан өту және электрондық сертификат алу өтеусіз негізде ұсынылады; Платформадағы оқу үшін ақы алынбайды.

1.7. Шарттардағы елеулі өзгерістер туралы Қор Пайдаланушылар мен Оқытушыларды электрондық пошта, Платформадағы хабарлама немесе құжаттың бекітілген күнін өзгерту арқылы хабардар ете алады.

1.8. Осы Шарттарда тікелей реттелмеген барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының міндетті талаптары қолданылады.

2. ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

2.1. Платформа курс Оқытушыларына, сондай-ақ балаларды футболға жаттықтыру жұмысын үйренуге мүдделі, оның ішінде D санатындағы жаттықтырушы лицензиясын алуды жоспарлап жүрген тұлғаларға (бұдан әрі - Пайдаланушылар) арналған. Мұндай тұлғаларға мыналар жатуы мүмкін:

- тиісті лицензиясы жоқ немесе біліктілігін арттырғысы келетін қазіргі және болашақ футбол жаттықтырушылары;
- балалармен жұмыс істеу үшін білім мен дағдылар алуға мүдделі футбол әуесқойлары;
- жаттықтырушылық қызметті одан әрі даму бағыты ретінде қарастыратын футбол клубтарының, академиялардың, спорт мектептерінің және өзге де бейінді ұйымдардың түлектері.

2.2. Платформаны пайдалана отырып, Пайдаланушы:

- тіркелу және Платформаны пайдалану кезінде дұрыс, толық және өзекті ақпарат беруге;
- Платформаны негізінен футбол жаттықтыру саласындағы білім мен дағдыларды меңгеруге байланысты білім беру мақсаттарында пайдалануға; коммерциялық пайдалануға Қордың алдын ала жазбаша келісімімен ғана жол беріледі;

- осы Шарттарда, Платформаның функционалында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Платформа материалдарын көшірмеуге, таратпауға және қайта шығармауға;
- әдепті қарым-қатынас жасауға, басқа тұлғаларға зиян келтіруі немесе Платформаның жұмысын бұзуы мүмкін қорлайтын, қоқан-лоққы сипатындағы, кемсітушілік, құқыққа қайшы немесе өзге де материалдарды орналастырмауға;
- есептік деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге, сенімді құпиясөз пайдалануға және есептік жазбаны үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.

2.3. Платформаның қауіпсіздігі мен жұмыс қабілетін қамтамасыз ету мақсатында Пайдаланушылар мен Оқытушыларға мыналарға тыйым салынады:

- Платформаға байланысты есептік жазбаларға, серверлерге, дерекқорларға немесе желілерге рұқсатсыз қол жеткізуге әрекет жасауға;
- Платформаның жұмысын бұзуы немесе басқа тұлғалардың деректері мен құрылғыларына зиян келтіруі мүмкін зиянды бағдарламалық қамтылымды, вирустарды, шпиондық бағдарламаларды немесе өзге кодты таратуға;
- құқыққа қайшы контентті немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын контентті орналастыруға немесе таратуға;
- серверлердің шамадан тыс жүктелуіне, техникалық шектеулерді айналып өтуге немесе Платформаның қалыпты жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін болса, боттарды, парсерлерді және скрипттерді қоса алғанда, автоматтандырылған құралдарды пайдалануға;
- Платформаның жұмысына араласуға, қорғаныс құралдарын айналып өтуге немесе басқа тұлғаларға тыйым салынған әрекеттерді жасауға көмектесуге.

2.4. Осы Шарттарды бұзу бұзушылықтың сипаты мен ауырлығын ескере отырып, мынадай салдарға әкелуі мүмкін:

- ескерту жасауға, қол жеткізуді уақытша шектеуге немесе есептік жазбаны бұғаттауға;
- құқыққа қайшы немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзатын контентті жоюға;
- Қордың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен құқықтарын қорғау және құжатпен расталған залалды өтеу туралы талаппен жүгінуіне.

2.5. Оқытушы Платформаны және өзіне қолжетімді материалдарды тек білім беру процесі шеңберінде пайдалануға, есептік деректерді немесе жабық материалдарды үшінші тұлғаларға бермеуге және Қордың алдын ала жазбаша келісімінсіз Платформаны коммерциялық мақсатта пайдаланбауға міндеттенеді.

3. ТІРКЕЛУ ЖӘНЕ КУРСТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

3.1. Курсқа қол жеткізу үшін Пайдаланушы тіркеуден өтеді, ол мыналарды қамтуы мүмкін:

- есептік жазба жасау және курстан өту үшін қажетті толық аты-жөнін, электрондық пошта мекенжайын және өзге де мәліметтерді қоса алғанда, дұрыс тіркеу деректерін ұсынуды;
- осы Шарттармен және Құпиялылық саясатымен танысуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қажетті келісімдерді беруді;
- электрондық пошта арқылы немесе өзге қолжетімді сәйкестендіру тәсілімен тіркелуді растауды.

3.2. Оқыту курсына қатысу тегін.

3.3. Тіркелу сәтті аяқталып, есептік жазбаға кіргеннен кейін Пайдаланушы тиісті курс үшін көзделген оқу материалдарына қол жеткізеді.

3.4. Есептік жазбаны пайдалану кезінде мынадай қағидалар қолданылады:

- Қор тікелей өзгеше рұқсат бермесе, әрбір Пайдаланушының бір жеке есептік жазбасы болуы мүмкін;
- есептік жазбаны үшінші тұлғаларға беруге болмайды; бөтен есептік жазбаны пайдалану немесе өз есептік жазбасын басқа тұлғаға беру Шарттарды бұзу болып табылады;
- есептік деректердің бұзылғанына немесе бөгде тұлғаға белгілі болғанына күмән туындаған жағдайда, Пайдаланушы құпиясөзді дереу ауыстырып, Қорды хабардар етуге тиіс.

3.5. Курсқа қол жеткізген кезде Пайдаланушы:

- курс материалдарына қатысты авторлық және өзге де зияткерлік құқықтарды сақтауға;
- оқу модульдерінен өз бетінше өтуге және курс құрылымында белгіленген тәртіппен тапсырмаларды орындауға;

- академиялық адалдықты сақтауға міндетті; алаяқтық, плагиат, өзге тұлғаның атын жамылу және басқа да жосықсыз әрекеттер нәтижелердің күшін жоюға, курстан шығаруға және есептік жазбаны бұғаттауға әкелуі мүмкін.

3.6. Пайдаланушы тіркелу кезінде берілген мәліметтердің дұрыстығына, сондай-ақ мұндай әрекеттердің өз кінәсіз жасалғанын дәлелдемесе, оның есептік жазбасы арқылы жасалған әрекеттерге жауапты болады.

3.7. Қордың Пайдаланушының атын, тегін, бейнесін, фотосуретін, пікірін немесе өзге де дербес деректерін жарнамалық және ақпараттық материалдарда пайдалануына Пайдаланушының жеке келісімі немесе өзге заңды негіз болған кезде ғана жол беріледі.

3.8. Оқытушы ретінде қол жеткізу үшін тіркеуден өту қажет, ол мыналарды қамтуы мүмкін:

- Оқытушы мәртебесін растау үшін қажетті толық аты-жөнін, электрондық пошта мекенжайын, жұмыс орнын, лауазымын және өзге де деректерді қоса алғанда, дұрыс әрі өзекті мәліметтерді ұсынуды;
- Қорға мақұлдау туралы сұрау жіберуді; Қор біліктілікті, өкілеттікті немесе курсты іске асыруға қатысатын ұйыммен байланысты растайтын құжаттарды не мәліметтерді сұратуға құқылы;
- электрондық пошта арқылы немесе өзге сәйкестендіру тәсілімен тіркелуді растауды.

3.9. Оқытушыларға курс материалдарына қол жеткізу тегін ұсынылады.

3.10. Тіркелу сәтті аяқталып, Қор мақұлдағаннан кейін Оқытушы Платформадағы рөліне сәйкес айқындалған көлемде оқу модульдеріне қол жеткізеді. Қор өзгеше белгілемесе, Оқытушылар үшін модульдерден ретімен өту талап етілмейді.

3.11. Оқытушының есептік жазбасы жеке болып табылады, үшінші тұлғаларға берілмейді және оны тек Оқытушының өзі пайдалана алады. Қормен келіспей бірнеше есептік жазба жасауға жол берілмейді.

3.12. Платформа материалдарымен жұмыс істеу кезінде Оқытушы:

- авторлық және өзге де зияткерлік құқықтарды сақтауға;
- материалдарды тек білім беру процесін іске асыру мақсатында және берілген қол жеткізу шегінде пайдалануға;
- дұрыс ақпарат беруге, академиялық адалдықты қолдауға және алаяқтыққа, плагиатқа немесе оқу қағидаларын өзге де бұзуға жол бермеуге міндетті.

3.13. Оқытушы тіркелу және Платформаны кейінгі пайдалану кезінде берілген мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығына жауапты болады.

3.14. Қордың Оқытушының атын, тегін, бейнесін, фотосуретін, пікірін немесе өзге де дербес деректерін жарнамалық және ақпараттық материалдарда пайдалануына Оқытушының жеке келісімі немесе өзге заңды негіз болған кезде ғана жол беріледі.

4. ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫ

4.1. Платформа оқу материалдарының мынадай түрлеріне қол жеткізуді ұсына алады:

- бейнедәрістер;
- мақалалар мен оқу мәтіндері;
- тесттер, тапсырмалар және өзге де интерактивті материалдар.

4.2. Материалдар Пайдаланушылар мен Оқытушыларға жеке оқу және курс шеңберінде пайдалану үшін беріледі. Мынадай қағидалар қолданылады:

- Қордың немесе тиісті құқық иеленушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз материалдарды коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады;
- материалдарды көшіруге, жариялауға, таратуға, жазып алуға, үшінші тұлғаларға беруге, жүктеп алуға немесе сақтауға Платформаның функционалында, құқық иеленушінің жазбаша рұқсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда ғана жол беріледі;
- материалдарды өзгертуге, бейімдеуге, аударуға, қайта өңдеуге немесе олардың негізінде туынды материалдар жасауға, егер заңда өзгеше көзделмесе, тиісті құқық иеленушінің алдын ала жазбаша рұқсатымен ғана жол беріледі.

4.3. Платформадағы мәтіндерге, бейнелерге, графикаға, дизайнға, логотиптерге, тауар белгілеріне және өзге де элементтерге құқықтар Қорға немесе тиісті құқық иеленушілерге тиесілі. Пайдаланушылар мен Оқытушылар Қазақстан Республикасының авторлық құқық және өзге де зияткерлік меншік құқықтары туралы заңнамасын сақтауға міндетті. Фирмалық белгілерді құқық иеленушінің келісімінсіз пайдалануға жол берілмейді.

4.4. Материалдар «бар күйінде» ұсынылады. Қазақстан Республикасының заңнамасында жол берілген шектерде Қор материалдардың әрбір тұлғаның жеке мақсаттарына толық сәйкес келетініне кепілдік бермейді және курстан өту нәтижесінде жұмысқа орналасуға, біліктілік алуға немесе жаттықтырушы лицензиясының берілуіне кепілдік бермейді.

4.5. Платформада үшінші тұлғалардың немесе әріптестердің материалдары орналастырылуы мүмкін. Мұндай материалдарды пайдалану тиісті құқық иеленушілердің қосымша шарттарымен реттелуі мүмкін.

4.5.1. Пайдаланушылар мен Оқытушылар үшінші тарап материалдарын пайдалану шарттарын сақтауға міндетті. Мұндай шарттарды бұзу тиісті материалдарға қол жеткізуді шектеуге және заңда немесе шартта көзделген өзге де салдарға әкелуі мүмкін.

4.5.2. Платформада сыртқы ресурстарға сілтемелер болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, Қор мұндай ресурстардың мазмұнын, қолжетімділігін және деректерді өңдеу саясатын бақыламайды әрі оларды пайдалану үшін жауапты болмайды.

5. СЕРТИФИКАТТАУ ПРОЦЕСІ

5.1. Курсты аяқтағаны туралы электрондық сертификат алу үшін Пайдаланушы курс құрылымында көзделген шарттарды орындауға тиіс, оның ішінде:

- бейнедәрістерді көруді, оқу материалдарымен танысуды және тапсырмаларды орындауды қоса алғанда, барлық міндетті оқу модульдерін аяқтауға;
- тиісті модульдерде көзделген болса, аралық тесттерден сәтті өтуге;
- қорытынды тестілеуден сәтті өтуге.

5.2. Белгіленген шарттар орындалғаннан кейін электрондық сертификат Пайдаланушыға жеке кабинетте қолжетімді болады немесе Платформаның функционалында көзделген өзге тәсілмен жіберіледі.

5.3. Платформада алынған сертификат оқыту курсының аяқталғанын растайды, бірақ D санатындағы ресми жаттықтырушы лицензиясы болып табылмайды және өздігінен оны алуға кепілдік бермейді. Лицензия алу үшін Пайдаланушы ҚФФ-ның қосымша талаптарын орындауға тиіс, олар мыналарды қамтуы мүмкін:

- өзекті ақпарат алу және бағалауға жазылу үшін өңірлік футбол қауымдастығына немесе ҚФФ-ның өзге уәкілетті құрылымына жүгінуді;
- ҚФФ көздеген біліктілік, теориялық және (немесе) практикалық бағалаудан өтуді;
- өзге талаптарды орындауды және ҚФФ белгілеген тәртіппен лицензия алуды.

5.4. Қосымша рәсімдердің тәртібін, мерзімдерін, құнын, бағалау өлшемдерін және лицензия беру шарттарын ҚФФ айқындайды және олар өзгеруі мүмкін. Лицензия алу үшін жүгінер алдында Пайдаланушыға ҚФФ-дан немесе тиісті өңірлік футбол қауымдастығынан өзекті талаптарды нақтылау ұсынылады.

6. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫН САҚТАУ

6.1. Пайдаланушылар мен Оқытушылар Платформаны Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде дербес деректерді қорғау, авторлық құқық, ақпараттық қауіпсіздік және құқыққа қайшы контентті таратуға тыйым салу саласындағы қолданылатын талаптарға сәйкес пайдалануға міндетті.

6.2. Қор бұзушылықты тоқтату, тұлғалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау, заңды күшіне енген сот актісін немесе уәкілетті мемлекеттік органның заңды талабын орындау үшін қажет болса, қол жеткізуді шектеуге, контентті жоюға, қажетті мәліметтерді сақтауға немесе өзге де ақылға қонымды шаралар қабылдауға құқылы.

6.3. Осы Шарттарды немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған тұлға заңда белгіленген тәртіппен жауапты болады және заңда көзделген негіздер болған кезде келтірілген әрі құжатпен расталған залалды өтеуге міндетті.

6.4. Осы Шарттардың ешбір ережесі Пайдаланушының, Оқытушының немесе Қордың құқықтарын шектемейді және мұндай шектеуге немесе жауапкершілікті алып тастауға Қазақстан Республикасының заңнамасы жол бермейтін бөлігінде жауапкершілікті жоққа шығармайды.

7. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

7.1. Қор Пайдаланушылар мен Оқытушылардың дербес деректерін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Платформада орналастырылған Құпиялылық саясатына сәйкес жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асырады.

7.2. Тіркелу, қол жеткізу, курстан өту, тестілеу, сертификат беру, қолдау көрсету және Платформаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті көлемде Қор тіркеу және байланыс деректерін, оқу барысы мен нәтижелері туралы мәліметтерді, Оқытушының жұмыс орны туралы деректерді, қолдау қызметіне өтініштерді және Платформаны пайдалану жөніндегі техникалық деректерді өңдей алады.

7.3. Дербес деректерді жинау және өңдеу заңда көзделген негіз болған кезде, оның ішінде дербес деректер субъектісінің келісімі талап етілетін жағдайларда осындай келісімнің негізінде жүзеге асырылады. Атын, бейнесін, фотосуретін, пікірін және өзге де дербес деректерін жариялауға немесе таратуға жеке келісім не өзге заңды негіз болған кезде ғана жол беріледі.

7.4. Қор дербес деректерді қорғау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды. Деректерді әріптестерге, техникалық қызмет көрсетушілерге, ҚФФ-ға немесе мемлекеттік органдарға беруге заңды мақсат үшін қажетті көлемде, тиісті құқықтық негіз болған және құпиялылық талаптары сақталған жағдайда ғана жол беріледі.

7.5. Пайдаланушы немесе Оқытушы өзінің дербес деректеріне, оларды нақтылауға, бұғаттауға, келісімді кері қайтарып алуға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге құқықтарды іске асыруға қатысты сұрауды info@supernovas.foundation мекенжайына жібере алады. Сұрау заңнамада белгіленген мерзімдерде және тәртіппен қаралады.

7.6. Кәмелетке толмаған тұлға тіркелген кезде қажетті келісімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оның заңды өкілі береді.

8. БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

8.1. Платформаның жұмысы, осы Шарттар немесе дербес деректерді өңдеу мәселелері бойынша Қормен мынадай тәсілдермен байланысуға болады:

- электрондық пошта: info@supernovas.foundation;
- Платформадағы кері байланыс нысаны, егер мұндай нысан қолжетімді болса.

9. ӨЗГЕ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Егер осы Шарттардың қандай да бір ережесі жарамсыз, заңсыз немесе заңды күші жоқ деп танылса, бұл заңда барынша жол берілген көлемде қолданылуын жалғастыратын қалған ережелердің жарамдылығына әсер етпейді.

9.2. Осы Шарттар Құпиялылық саясатымен және оларда сілтеме жасалған өзге құжаттармен бірге Платформаны пайдалануға қатысты Пайдаланушы, Оқытушы және Қор арасындағы келісімді құрайды.

9.3. Қор техникалық жұмыстар жүргізу, функционалды жаңарту, ақауларды жою немесе қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Платформаға қол жеткізуді уақытша шектеуге құқылы. Мүмкін болған жағдайда жоспарлы жұмыстар туралы ақпарат Платформада алдын ала орналастырылады.

9.4. Қор еңсерілмейтін күш мән-жайларынан, яғни осы жағдайларда төтенше және алдын алуға болмайтын, Қордың ақылға қонымды бақылауынан тыс оқиғалардан туындаған міндеттемелерді орындаудың кешігуі немесе мүмкін болмауы үшін жауапты болмайды. Мұндай мән-жайларға табиғи апаттар, өрттер, әскери іс-қимылдар, жаппай тәртіпсіздіктер, мемлекеттік органдардың актілері, эпидемиялар, байланыс желілеріндегі ауқымды авариялар және өзге де салыстырмалы оқиғалар жатуы мүмкін. Техникалық мүмкіндік болған жағдайда Қор мұндай мән-жайлардың елеулі әсері туралы Пайдаланушыларды ақылға қонымды мерзімде хабардар етеді.

9.5. Осы Шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

9.6. Платформаны пайдалануға байланысты даулар мен келіспеушіліктерді тараптар келіссөздер және жазбаша өтініштер алмасу арқылы реттеуге ұмтылады. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасына және белгіленген соттылық қағидаларына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.